

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне , "Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бақылауды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 шілдедегі N 779 қаулысына сәйкес әзірленді және бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті жасау және беру тәртібін анықтайды .

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 366 бұйрығымен .

2. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есеп бюджеттік бағдарламаның тиімділік мониторингін қамтамасыз ету, іске асырылуын бағалау және бақылау, сондай-ақ бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуды бақылау мақсатында жасалады.

3. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті: бюджеттік бағдарлама паспортына сәйкес жеке бюджеттік бағдарлама бойынша ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына немесе бөлінетін бюджеттік бағдарлама есебінен қаражат бөлуді көздейтін жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес үлестірмелі бюджеттік бағдарлама бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшісі жасайды және береді.

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 4 қазандағы N 354 бұйрығымен .

4. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы мерзімді есеп жыл басына бастап өспелі жиынмен бірінші, екінші, үшінші тоқсандар қорытындысы және қаржы жылының қорытындысы бойынша беріледі. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы жылдық есеп оның тиімділігін бағалауды ескеріп беріледі.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 366 бұйрығымен .

5. Есептердегі барлық құн көрсеткіштері мың теңгемен берілуі тиіс.

2. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті жасау

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы ағымдағы қаржы жылының бірінші, екінші және үшінші тоқсандарына арналған есеп 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады .

Ескерту: 6-тармаққа толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 366 бұйрығымен .

7. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті жасау кезінде
мыналарды ескерген жөн:

- 1) 1-бағанда бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды толтырылсын;
- 2) 2-бағанда бюджеттік бағдарламаның коды көрсетілсін;
- 3) 3-бағанда бюджеттік кіші бағдарламаның коды көрсетілсін;
- 4) 4-бағанда бюджеттік кіші бағдарламаның атауы көрсетілсін;

5) 5 бағанда:

мыналар:

жеке бюджеттік бағдарлама бойынша - бюджеттік бағдарлама паспорты бойынша есепті кезеңге жоспарланған;

бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысында немесе қаражат бөлуді көздейтін жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісінде көрсетілген іс-шараларды, жұмыстарды, қызмет көрсетулерді көрсеткен;

осы құжаттарда сандық көрсеткіштер бар болған кезде оларды көрсеткен жөн ;

6) 6 бағанда:

жеке бюджеттік бағдарлама бойынша - төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаны қаржыландырудың орындалатын жоспары бойынша есепті кезеңге жоспарланған соманы ;

бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша - Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысында немесе қаражат бөлуді көздейтін жергілікті атқарушы органның нормативтік құқықтық актісінде көрсетілген соманы көрсету керек;

7) 7-бағанда іс жүзіндегі сандық көрсеткіштері көрсетіліп, есепті кезеңде орындалған іс-шаралар, жұмыстар, қызметтер жазылсын;

8) 8-бағанда бюджетті атқару туралы есепке сәйкес есепті кезеңде жұмсалған сома (кассалық атқарылу) көрсетілсін;

9) 9-бағанда орындалған іс-шаралар, жұмыстар, қызметтер жоспарланғанға, сондай-ақ жүргізілген шығыстар жоспарланғанға сәйкес келмеген жағдайда түсіндірулер келтірілсін, есепті кезеңге жоспарланған орындалмаған іс-шаралар, жұмыстар, қызметтер, сондай-ақ оларды орындамау себептері және бюджет қаражатын жете игермеу көрсетілсін;

10) 10-бөлімде "Қол жеткен нәтижелер" бөлімінде есепті кезеңде бюджеттік бағдарламаның орындалу нәтижелері көрсетілсін. Нәтижелер сандық және сапалық көрсеткіште берілуі тиіс. Бағдарламаны орындау деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер қол жетімді, дұрыс және тексерілетін болуы тиіс.

Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 366 бұйрығымен , 2005 жылғы 4 қазандағы N 354 бұйрығымен .

7-1. Тиімділігін бағалауды ескеріп бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы жылдық есеп 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды ө т к і з е д і .

Ескерту: 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 366 бұйрығымен .

8. Әкімшілік жүргізілетін бюджеттік бағдарламаның әрқайсысын іске асыру туралы есепке бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы және қаржы қызметінің басшысы қол қояды.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бірінші басшысы болмаған жағдайда бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті оған осындай міндеттерді жүктеу туралы бұйрыққа сәйкес жауапты тұлға қол қояды.

3. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті беру

9. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері;

тиісті жергілікті уәкілетті органға жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері береді.

10. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы тоқсан сайынғы есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері береді. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы жылдық есеп тиімділігін бағалауды ескеріп, есепті жылдан кейінгі 1 ақпанға дейін беріледі.

Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 366 бұйрығымен .

11. Тоқсандық және жылдық есептер бойынша деректер қағаз және магнитті түрде беріледі. Қағаз түрінде көрсетілген есепті деректер магнитті түрдегі деректерге толық сәйкес келуі тиіс.

Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепті жасау және беру

жөніндегі ережеге қосымша

Бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы

ЕСЕП

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 366 бұйрығымен , 2005 жылғы 4 қазандағы N 354 бұйрығымен .

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі _____
 Бюджеттік бағдарламаның атауы _____
 Бюджеттік бағдарламаның паспорты бекітілген немесе бөлінетін
 бюджеттік бағдарлама есебінен қаражат бөлу көзделген
 нормативтік құқықтық акт _____
 Бюджеттік бағдарламаның құны _____
 Ағымдағы бюджеттік, бюджеттік даму бағдарламасы/инвестициялық
 жоба _____
 Есепті кезең _____

Әкім.	Бағ.	Кіші	Кіші	Есепті	Есепті	Есепті	Есепті	Есептік	Ес.
шінің	дар.	бағ.	бағ.	кезеңге	кезеңге	кезеңде	кезеңде	кезең.	кер.
коды	ла.	дар.	дарла	көздел.	көздел.	орын.	жұмсал.	дегі	ту
	ма.	ла.	маның	ген	ген	далған	ған сома	бюджет	
	ның	ма.	атауы	іс-шара	сома,	іс-шара	(касса.	қаражат	
	коды	ның	лар,	жұ.	мың	лар,	жұ	лық ат.	тарының
		коды		мыстар,	теңге	мыстар,	қарылу),	игеріл.	
				қызмет.		қызмет.	мың	меген	
				тер		тер	теңге	сомасы	
								(8 - бағ.	
								- 6 - бағ.)	

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

Қол жеткен нәтижелер _____

Бюджеттік бағдарламалар

әкімшісінің басшысы _____
 М.О. (қолды таратып жазу)

Қаржы қызметінің басшысы _____
 (қолды таратып жазу)

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2004 жылғы 12 қазандағы N 366
 бұйрығына қосымша
 Бюджеттік бағдарламаны іске
 асыру туралы есепті жасау
 және беру жөніндегі ережеге

Ескерту: 2-қосымшамен толықтырылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 12 қазандағы N 366 бұйрығымен , 2005 жылғы 4 қазандағы N 354 бұйрығымен .

Тиімділігін бағалауды ескеріп бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы жылдық есеп

Бағдарламаның әкімшісі _____

Бюджеттік бағдарламаның атауы _____

Бюджеттік бағдарламаның паспорты бекітілген немесе бөлінетін бюджеттік бағдарлама есебінен қаражат бөлу көзделген нормативтік құқықтық акті _____

Бюджеттік бағдарламаның құны _____

Ағымдағы бюджеттік, бюджеттік даму бағдарламасы/инвестициялық жоба _____

Есептік кезең _____

Өлшем бірлігі мың теңге

1. Бюджеттік бағдарламаны басқарудың тиімділігін бағалау _____

Әкім.	Бағ.	Кіші	Кіші	Есептік	Есеп.	Есептік	Есептік	Есептік	Көздел.
шінің	дар.	бағ.	бағ.	жылға	тік	жылда	жылда	жылда	ген
коды	ла.	дар.	дар.	көздел.	жылға	орын.	жұмсал.	атқа.	іс-шара.
	ма.	ла.	лама.	ген	көз.	далған	ған	рылған	лардың
	ның	ма.	ның	іс-ша.	дел.	іс-ша.	сома	жоспар.	орындал.
	коды	ның	атауы	ралар,	ген	ралар,	(касса.	дың со.	мау және
		коды	жұмыс.	сома	жұмыс.	лық ат.	масының	бюджет.	
			тар,		тар,	қару)	касса.	тік	
			қызмет		қызмет		лық ат.	қаражат.	
			көрсө.		көрсө.		қарудың	тардың	
			лер		тулер		ауытқуы	игеріл.	
							(+/-)	меу	
							(8-бағ.	себеп.	
							-6-бағ.)	тері	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

2. Бюджеттік бағдарламаны іске асырудың экономикалық тиімділігін бағалау _____

3. Бюджеттік бағдарламаны іске асырудың сапасын бағалау _____

4. Бюджеттік бағдарламаның нәтижелілігін бағалау _____

5. Бюджеттік бағдарламаның тиімділігін бағалаудың қосымша көрсеткіштері _____

Бюджеттік бағдарламалардың _____
_____ әкімшісінің басшысы (қолы) (қолды таратып жазу)

М.О.

Қаржылық қызмет басшысы _____
_____ (қолы) (қолды таратып жазу)